

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Филология факультеті Түркітану және тіл теориясы кафедрасының PhD докторанты Түзелбаева Диана Мұхтарқызының «6D021300-Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Телебағдарламалардағы глоттониялық дискурс прагматикасы» атты диссертациясы туралы

ПІКІР

Түзелбаева Диана Мұхтарқызы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 2018 жылы «6D021300-Лингвистика» мамандығы бойынша мемлекеттік грант негізінде PhD-докторантураға оқуға түсіп, 2021 жылы оқуды аяқтады. Диссертация жұмысының тақырыбы - «Телебағдарламалардағы глоттониялық дискурс прагматикасы».

Докторанттың аталған тақырыптағы диссертациялық зерттеуі қазіргі антропоцентристік ғылыми парадигмаға сәйкес, барлық құбылыстардың өзегі я діндегі рөліндегі Адамның Тіл феноменін әрекет құралы ретінде массмедиада, нақты айтқанда, глоттониялық телебағдарламалар дискурсында қолдануы барысындағы сөз ықпалын зерттеуге бағытталған.

Бұл зерттеу бүгінгі таңда телебағдарламалардың (әсіресе аспаздық, өмір салты, шоу бағдарламалары) тек ақпарат беріп қана қоймай, көпшілік санасына әсер ететін дискурстық алаңға айналуымен тікелей байланысты. Осы орайда глоттониялық телебағдарламалар дискурсында сөйлеушінің көрермен назарын аудару, эмоциясын қозғау, сендіру үшін түрлі тілдік (метафора, ирония, гипербола т.б.) және прагматикалық (бағалау, сөйлеушінің ұстанымы, сөйлеу стратегиясы т.б.) құралдарды қолдану ерекшеліктері туралы зерттеу нәтижелері медиажурналистикада, жарнамада, тележүргізушілер мен редакторлар үшін маңызды болып табылады. Яғни, зерттеу түрлі салаларда дискурстық стратегияларды тиімді қолданудың жолдарын ұсына алады. Сонымен қатар глоттония телебағдарламалары комментарийлерінің контентіне прагматикалық талдау жасау қоғамдық санада қалыптасқан нормалар мен тенденцияларды түсінуге көмектеседі. Бұл — диссертациялық зерттеудің практикалық маңыздылығының тағы бір дәлелі.

Медиа коммуникациясы мен тұтынушылық құндылықтар арасындағы күрделі байланыстың сәтті жүзеге асуындағы сөздің орнын талдау және бағалау, тілдің басқа салалардағы әлеуеті мен қызметін саралау — лингвопрагматика, сөйлеу актілерінің теориясы, сөйлеу коммуникациясының теориясы мен тәжірибесі сияқты лингвистика ғылымдары үшін де өзекті. Бұдан бөлек Қазақстан ғылымы кеңістігінде тілдің глоттония телебағдарламалары дискурсындағы қолданысы мен қызметі бұрын-соңды зерттеу нысанында қарастырылмауы жоғарыда аталған тақырыптағы диссертациялық зерттеудің маңыздылығын көрсетеді.

Жоғарыда аталған өзекті мәселелер шешіміне бағытталған докторлық диссертациясында Д.М. Түзелбаева лингвистикалық прагматика (Ч. Пирс, Ч. Моррис) сөйлеу актілері теориясы (Дж. Остин, Дж. Сёрль) және дискурсы теориясы (М. Фуко, Э. Хабермас, Т. ван Дейк) бойынша іргелі ғылыми концепцияларды басшылыққа ала отырып, қазақстандық және шетелдік глуттония телебағдарламалары материалдары негізінде кешенді лингвопрагматикалық зерттеу жүргізген. Глуттония телебағдарламасы дискурсының құрылымына, тілдік құралдарына, сөйлеу стратегиялары мен тактикаларына талдау жасаған. Зерттеу нәтижесінде прагмалингвистика, медиалингвистика мен мәдениетаралық коммуникация шеңберінде жаңа теориялық тұжырымдар жасай алған.

Диссертант қазақ және ағылшын телешоу материалдарын өзара салыстыру, контент талдау, дискурс талдау т.б. лингвистикалық зерттеу әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы глуттония телебағдарламалары дискурсының сәтті жүзеге асуындағы сөздің орнын талдау және бағалау, тілдің басқа салалардағы әлеуеті мен қызметін саралау мақсатына қол жеткізген. Бұл – теория мен тәжірибенің өзара сәтті ұштастырылуының нәтижесі.

Диссертациялық жұмыс ғылыми талаптарға сай келеді. Зерттеу мазмұны мен құрылымы қисынды, ғылыми жаңалығы анық және практикалық маңызға ие. Диссертант глуттония телебағдарламалары дискурсының прагматикалық ерекшеліктерін теориялық және қолданбалы тұрғыдан сәтті ашып көрсете білген.

Докторант Түзелбаева Диана Мұхтарқызының «Телебағдарламалардағы глуттониялық дискурс прагматикасы» деп аталатын диссертациялық жұмысы – толық аяқталған, қазақ тіл білімінің медиалингвистика, прагмалингвистика, терминология, дискурстық лингвистика сияқты бағыттарының одан әрі дамуына үлес қосатын, қазақ тілінің төл әлеуетін тілдік тұрғыдан ғылыми негіздеуге бағытталған зерттеу. Осыған байланысты ізденуші Түзелбаева Диана Мұхтарқызы «6D021300-Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ғылыми жетекші:
филология ғылымдарының кандидаты,
доцент

Таусоғарова А.К.

«Фараби» университетінің Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы

ЗАВЕРЯЮ

Начальник управления подготовки и аттестации

научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

« 14 » 01 2026 г.г.